

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI
Ó. SULTANҒAZIN ATYNDAǴY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqýlary» I-shi Halyqaralyq
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŋ
MATERIALDARY**

17-18 мамыр 2019

**МАТЕРИАЛЫ
I-ой Международной научно-практической
конференции «Султангазинские чтения»**

17-18 мая 2019

**MATERIALS
of the Ist International scientific and practical
conference «Sultangazin readings»**

May 17-18, 2019

Qostanai, 2019

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58
С 89

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

Әбіл Еркін Аманжолұлы
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасарлары:

Медетов Нурлан Амирович
физика-математика ғылымдарының докторы
Ташетов Аманжол Аскарович
PhD докторы

Редакциялық алқа мүшелері:

Утегенова Бибикуль Мазановна
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент
Евдокимова Ольга Николаевна
педагогикалық ғылымдар кандидаты
Балгабаева Гаухар Зкрияновна
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Жумабаев Канат Аканович
кандидат экономических наук
Бобренко Марина Александровна
Сатбаева Муснай Тулегеновна
Жиенбаева Аида Аманжолқызы

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

ISBN 978-601-7934-72-9

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

**ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58**

*Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған*

Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты

ISBN 978-601-7934-72-9

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – РУХАНИ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖАСАЛҒАН ЖАРҚЫН ҚАДАМ!

Latin alphabet – a bright step to spiritual independence!

Ш.Е. Каппасова¹, А.К. Бурабай²
Sh.E. Kappasova¹, A.K. Burabai²

¹²Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі,
Арқалық, Қазақстан, *arai.03.08.12@mail.ru*.

Аннотация

Латын әліпбиіне көшу арқылы 30 елдің қатарына кіру және жас ұрпаққа маңызын түсіндіру арқылы рухани тәуелсіздігімізді жаңарту.

Abstract

Modernization of our spiritual independence through the transition to the Latin alphabet and explaining the importance of the younger generation.

Кілт сөздер: латын, әліппе, тіл.

Key words: latin, alphabet, language.

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады».

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауына: 2006 жылы Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», – деген еді [1].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1917 жылдың мамыр айында мектепті шіркеуден бөлу және барлық мектеп жасындағы балаларды еңбекке баули отырып тегін, міндетті оқуға тарту жөніндегі бағдарлама қабылдануы Қазақстандағы оқу-ағарту саласында елеулі өзгерістерді талап етті. Бұл біріншіден, мектептерге қажетті оқу құралдарын қажет етсе, екіншіден емле мәселесінде өзгерістер енгізудің маңыздылығын айқындап берді.

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері, оқушы жастар, оқытушылар латын әрпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтерді. Бұғанға дейін қазақ жазуы А.Байтұрсыновтың емлесі негізінде жүргізілген еді. Алайда латын қозғалысының кең түрде насихаттала бастауы араб жазуын ығыстыра бастады. Сөйтіп жаңа латын әрібін қолдаушылар мен бұрынғы араб жазуын қолдаушылар арасында үлкен айтыс-тартыс туындады. Бұл, әсіресе, 1924 жылы жазуында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде айқын білінеді. А. Байтұрсынов бастаған араб әрібін қолдаушылар басым түсіп, араб әрпіне лайықталған қазақ графикасы қабылданды.

Осы съезде А. Байтұрсынов бас баяндама жасап, онда араб әрібінің қай жағынан болса да ыңғайлы, қолайлы әріп екендігін дәлелдеп берген болатын. 1927 жылы латын әрібін алу жолындағы бұл білімпаздардың арасында болған айтыс-тартысын жинақ ретінде Кәрім Тоқтабаев пен Мұхтар Мұрзин Қазақстан жаңа әліппе комитетінің тапсырмасымен Қазақстан мемлекеттік баспасынан «Жаңа әліппе жолында» деген кітап шығарып, онда латын әліпбиіне қатысты М. Мұрзин, Ә. Байділдин, Т. Шонанов, В. Бартольд, Н.А. Шмарин, Л. Жирков, Жозе және тағы басқа ғалымдар мен зиялылардың ой-пікірлері топтастырылды.

Жаңа әліппе комиссиясының жұмыс нәтижесіне партия мен үкімет қолдау көрсетті. Латын жазуын қолдаушыларының арнайы «Жаңа түрік әліппесінің комитеті» құрылып, «Жаңа түрік әліпбиі» атты кітап бастыртып, мектептерде осы кітаппен оқытуды ұсынды. Сондай-ақ газеттерді бірте-бірте латын әрпімен басу мәселесін өз міндеттеріне жатқызды. Комитет мүшелері халық арасында баспасөз арқылы жаңа әліпбидің қалың бұқара үшін араб әрпіне қарағанда пайдасы мен қолайлылығын түсіндіріп, осы төңіректе пікір алмасуға шақырды.

1925 жылдан бастап жаппай Қазақстанның мектептерінде, жеке кәсіпорындарында және мекемелерінде латыншылардың «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» құрыла бастады. Соңғылары тек айтыс-тартыс жиналыстарын ғана емес, арнайы жаңа әліпбиді үйрететін үйірме сабағын да ұйымдастырды, баяндамашылар үшін тезистер құрастырып, жергілікті газеттерге ұжымдық мақалалар жазды. Осы жылы Н.Төрөқұловтың «Жаңа әліпби туралы» атты кітабы басылып шықты.

1926 жылы ақпанда Баку қаласында өткен Бүкілодақтық I түркологиялық съезде латыншылар мен арабшылар арасында қатты қызды. Осы съезден кейін түрік республикаларында жаңа әліпби ұйымдары құрыла бастады. Ұйымдардың басты мақсаты халық арасына латын әліпбиінің қолайлылығын түсіндіру болды. Сондай-ақ Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ латын негізіне қойылған жаңа әліппені алуға декрет шығарды.

1927 жылы түрік республикалары комитеттерінің бастамасымен жаңа әліппенің Бүкілодақтық Орталық комитеті құрылды. Бұл комитет түркі елдерімен бір бағыттағы жаңа әліпби жасау, мектеп жасындағы балалар мен ересектерге арналған әліппелер шығару, латыншыларға жәрдем берерлік нұсқау кітаптарын шығару, баспаханалар үшін жеткілікті латын әрібін дайындау, латыншылар қоғамы мен ұйымдарының ережелерін басып шығару, латыншылар қоғамын, ұйымдарын ашу және жандандыру үшін газет-журналдар арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, әліпби жұмысына басшылық қылатын адамдар даярлау сияқты жұмыстарды тез арада атқаруға тиіс болды.

Комитет қазақ әліпбиінің қажеттілігі турасында пікірталас өткізіп, оның қорытындыларын 5 баспа табақтық қазақ тіліндегі екі кітапта жариялайды. Нығмет Нұрмақов 2 айлық жаңа әліпбидің әрібін терушілер курсына ашуға және бұл курстың үздіксіз адамдарды қабылдауын қадағалады. Сонымен қатар, «Жаңа әліппешілер қоғамы» Жарғысын қабылдап, өз мақсаттарын қазақ халқының арасында жаңа әліпбидің маңыздылығын түсіндіріп, көшуге үгіттеу деп көрсетті. Бұл мақсатқа жетуде қоғам өз алдына бірнеше міндеттерді қоя білді. Негізінде Жарғы 8 бөлімнен тұрды. Онда қоғамның мақсаты, міндеттері, құқымен қатар қоғамның құрамы, мүшелерінің міндеттері, қоғамға қабылдау және шығару, «ЖӘҚ»-тің бүкіл-қазақстандық съезін өткізу, Орталық Комитеті, тексеру комиссиясы, қоғамды тарату мәселелері көрсетілді.

Ескі әліппе мен жаңа әліппе мәселесіне қатысты академик В. Бартольд та өзіндік тұжырым жасаған. Ол латын әліппесінен түрік дыбыстарын таңбалауға ыңғайлау мәселесіне қатысты профессор А.Н. Самойлович баяндама жасап, латын әліппесін алудың қолайлылығын баса көрсеткендігін айта келе, латын әліпбиін алу кезінде оған жаңа бірнеше әріптерді қосуды ұсынды. Оның себебін Еуропа елдерінде әр халық латын әріптерін түрліше қолданатындығын, сондықтан әріптерді бірізділеу арқылы қолдануды дұрыс санады.

Ұлт зиялылары Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Мурзин, Ә. Байділдин және тағы басқалар латын әрібінің ыңғайлылығын насихаттауға белсене кірісті. Латын әрібінің алғашқы нұсқасын жасаушылардың бірі Халел Досмұхамедұлы болған. Ол бастапқыда латын әрібіне қарсы болғандығын: «Нәзір айтқандай, менің латын әрпін алуға қарсы екенім рас. Бірақ латынға қарсы екенімді біле тұра маған латын әріптерінің жобасын жасау тапсырған соң, сол жобаны жасағаным рас. Одан кейінгі «Қазақ тіліне латын әрібін алу мәселесі» деген мақаласында: «Түркі халықтарына араб харіфтерін тастап, латын харіфін алу керек деген сөз көптен бар. Әзербайжандар латын харіфтерін қабылдады, жаһұттар да солай қылды. 1922 жылғы съезінде өзбектер де өз тілін латын харіфтерімен пішті. Профессор Поливанов үлгі жасады» – деген болатын.

Латын әліпбиі біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр, яғни үш мың жылға жуық уақыттан бері бар. Жоғарыда аталған латын әліпбиі туралы дереккөздерді келтіре отырып, қазақ қоғамына, халқына латын әліпбиінің қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Бұл жайына Елбасымыз биылғы Жолдауында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы ойларын таратып айтты. «Бұл ой еліміз тәуелсіз алғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ біз көп ұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді таныдық, дүниені көрдік. Сондықтан латын қарпіне көшкен жағдайда да кириллица көпке дейін қатар қолданылады, екеуі біразға дейін бірге пайдаланылады деп ойлаймын». «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай кадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деген болатын.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда біздің ұтатын жақтарымыз деп мынадай пункттерді атап көрсеткен болатын: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ [2; 4-8 б].

Нұрбол Жайықбаев:

– Ел газеті «Егемен Қазақстанда» Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарық көрді. Онда көтерілген көкейтесті мәселенің бірі – латын әліпбиіне көшу. Естеріңізде болса, бұл жөнінде 2012 жылы Елбасының халыққа Жолдауында да қозғалған болатын. Ендігі кезекте Президентіміз латын әліпбиіне көшудің нақты жолдарын айтып, осы мәселе зиялы қауым арасында кеңінен талқылануы қажет екенін алға тартты. Сондықтан, күн тақырыбында өткір тұрған, бүгінде қоғамда қызу талқыланып жатқан латын әліпбиіне көшу мәселесіне байланысты ой қозғау үшін ғалымдарды, көпті көрген көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды арнайы шақырып отырмыз. Қандай ұсыныс-пікір айтасыздар?

Бекен Сағындықұлы:

– Иә, бұл мәселе осыдан 5 жыл бұрын көтерілген еді. Содан бері санамызда «ерте ме, кеш пе, еліміз латын әліпбиіне көшеді, соған дайындала беруіміз керек» деген салмақты ой сақталып келді. Бүгін сол үкілі үміт сәулесінің куәсі болып отырмыз. Бұл жазу – елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын, халықтың сауаттылығын танытатын көрсеткіш деп білемін. Латын әліпбиі бұрын тарихымызда 10 жылдай уақыт салтанат құрды. Сол кезде біз көптеген елге, жерге танылдық. Ал қазіргідей қуатты мемлекетте өмір сүріп жатқан кезеңде біз халық болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілесе алмаймыз. Себебі, латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазулардың бірі саналады, яғни, болашағы

зор. Сондықтан Елбасының шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет.

Айман Зейнуллина:

– Елбасының мақаласында көтерілген латын әліпбиіне көшу мәселесі өте өзекті әрі орынды. Біз ендігі кезекте осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін ойлануымыз қажет. Себебі, латын жазуына көшеміз деп айта салу оңай, ал оны жүзеге асыру үшін үлкен шараларды қолға алуымыз қажет. Ол үшін не істеу керек десек, біріншіден, латын графикасына өтудің оны мен солын саралап алғанымыз жөн. Соған талдау жасап, мәтіннің оқу әуезін, әдісін, заңдылығын меңгеріп алуымыз керек. Екіншіден, кейбіреулер компьютердің көмегімен барлық дүниені латын әліпбиіне көшіре салуға болатынын айтады. Менің ойымша, бұлай жеңіл жол іздеген дұрыс емес. Мазмұнды оқулықтар мен әдебиеттің барлығын 100 пайыз сауатты етіп аударып шығу қажет. Өйткені, кезінде араб әрпінде жазылған небір әдебиеттер әлі күнге дейін шаң басып жатыр. Себебі, біз оларды оқи алмай, қиналдық. Ал латын әліпбиіне көшетін болсақ, кешегі, бүгінгі рухани дүниелеріміздің бәрін сауатты қалпында аударып алсақ, кейінгі буын трагедияға ұшырамайды. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу үшін емле ережесінің сақталуына баса мән берген жөн. Яғни, бірізділік, ортақ қағида болуы шарт. Өйткені, латын графикасында жазғанның жөні осы деп әркім өз білгенімен әр түрлі таңбаны қоя берсе, мұның соңы сауатсыздыққа әкеліп соғады. Осының алдын алу қажет. Төртіншіден, балабақшаларда, мектептерде, жалпы оқу үрдісінде латын әріптерін жазуды үйрететін пән – каллиграфия (жазу өнері) деген сабақты енгізу қажет. Мұны тез арада қолға алған жөн. Сондай-ақ, латын қарпін сауатты жазатын, оқитын мұғалімдер дайындау қажет. Осы бағыттағы жұмыстардың бәрін тез арада тиянақты атқара білсек, ұтарымыз мол болмақ.

Арман Қани:

– Тарихқа көз жүгіртсек, біз 3 әліпбиді ауыстырыппыз. Сол кезеңде бүгінгідегідей газет-журнал, компьютер, тың технология деген болған жоқ. Соған қарамастан, халық басына түскен барлық қиындықты еңсере білді. Тіпті, айшылық алыс жерлерге атпен барып, сауатын ашып жүргендер болды. Ал бүгінде шүкір делік, барлық қиындық артта қалды. Бейбіт заман орнады. Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Осындай тамаша кезеңде латын әліпбиіне көшсек, ешқандай қиындық туындамайды деп ойлаймын. Қуантарлығы, бүгінде бастауыш сыныптарда оқитын балаларымыз ағылшынша үйренуде. Білім қуған жастар шет тілдерін меңгеріп, шетелдерде білім алуда. Осы тұрғыдан алғанда латын әліпбиіне көшуден қорқудың еш негізі жоқ деп санаймын. Бұл қадамға бару болашақ үшін маңызды екеніне сенемін. Себебі, бүгінде криллицаның аясы өзінен-өзі тарылып келеді. Оның орнын ағылшын тілі басуда. Өйткені, ол өзінің қажеттілігін мойындата білді. Сол сияқты латын әліпбиінің де болашағы зор болатынына еш күмәнім жоқ.

Бекен Сағындықұлы:

– Шынымен де, бүгінде біз өмір сүріп жатқан ел қуатты мемлекетке айналды. Сондықтан «латын әліпбиіне көшсек, жағдайымыз қалай болады?» деген сұрақ туындамауы тиіс. Әрине, осы мақсатқа жету үшін үлкен ізденіс, мол еңбек, қыруар қаражат қажет. Осының бәріне күш-жігеріміздің жететініне сенім артуымыз керек.

Ал ғасырлар бұрын қазақтың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерде дәл қазіргідегідей қуаттылық болған жоқ. Сонда да қоғамның заңына бағындық, басқа түскеніне көндіктік. Бастысы, бәрі артта қалды. Енді ештеңеден қаймықпай, саннан сапаға, сөзден іске көшетін уақыт жетті [3; 2-5 б].

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп Елбасы айтқандай латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен терең-терең теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда.

Ендігі кезекте Мемлекет басшысы атап өткендей ғалымдардың көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданып, әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, жаңа әліпбиді үйрететін сапалы мамандар қатарын көбейтіп, мектептерге арналған оқулықтар дайындалуы қажет.

Міне, осы мақсатқа қол жеткізіп, соның жеміс көру үшін қаймақ бетінде жүрген білікті тіл мамандары мен оқытушы-профессорлар аянбай тер төгуі керек. Дөңгелек үстел шарасынан осындай ой түйдік. Ал ғалымдардың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ [4, 76].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған.
3. Егемен газеті 2017. – 3-8 б.
4. Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы // Қазақ үні, 11.04.2017.

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ПРИОРИТЕТЫ В КОНТЕКСТЕ ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ

National priorities in the context of spiritual modernization

Г.Б. Кусаинов

G.B. Kusainov

КГУ им.А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан, gabit.kusainov.2017@mail.ru

Аннотация

В данной работе рассматриваются вопросы духовной модернизации казахстанского общества в контексте исторической преемственности достижений прошлых поколений, перехода казахского алфавита на латинскую графику, сохранения своего уникального национального кода.

Abstract

This article examines the issues of spiritual modernization of Kazakh society in the context of the historical continuity of the achievements of past generations, the transition of the its unique national code.

Ключевые слова: Казахстан, быт, культура, приоритеты, преемственность, территория, язык, национальная идентичность, «Мәңгілік Ел», модернизация сознания, латинская графика, кочевники, кочевое общество, технический прогресс, лошадь, металлы, золотой человек, Шёлковый путь, Алтай, яблони, тюльпаны, семь граней.

Key words: Kazakhstan, mode of life, priorities, continuity, territory, language, national identity, «Mangilik El», modernization of consciousness, Latin script, nomads, nomadic society, technical progress, horse, metals, golden man, Silk road, Altai, apple, tulip, seven facets.

Когда смыкаются горизонты пространства и времени, начинается национальная история. (Семь граней Великой степи).

История каждого народа имеет свою неповторимость и уникальность в общем процессе мирового процесса исторического развития. История казахского народа своими корнями уходит в глубокую древность до нашей эры. На основе исторических исследований многопланового характера, выработана совокупная точка зрения о том, что казахи являются потомками древних насельников Казахстана и продолжателями исторических традиций быта, культуры, хозяйственных приоритетов, идеолого-религиозных предпочтений, государст-

3 СЕКЦИЯ

**ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА И РЕАЛИЗАЦИЯ ОСНОВНЫХ ПРИНЦИПОВ
ПРОГРАММЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»
SOCIETY DEVELOPMENT AND IMPLEMENTATION
OF THE BASIC PRINCIPLES OF «МӘҢГІЛІК ЕЛ» PROGRAM**

<i>Агдавлетова А.Ш.</i> Қоғамның дамуы және «Мәңгілік ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру	248
<i>Ақанбаев Б.Н., Шамитдинов А.М.</i> Қазіргі қазақ жастарының «жақсылық» этикасы.....	250
<i>Алипбаева Г.А., Маннапова Д.Х.</i> «Ниткография», «Тұзбен сурет салу» атты дәстүрлі емес сурет салу техникаларын қолдану арқылы кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың графо – моторлық дағдыларын дамыту	256
<i>Амантаева А.Б.</i> Духовное единство народа – гарант стабильности Казахстанского общества.....	260
<i>Баубекова Г.К., Омарова К.И.</i> Анализ миграционных процессов Северного Казахстана за 2012-2017 годы.....	265
<i>Бекмаганбетова Г.К.</i> Взаимодействия семьи и школы по формированию у младших школьников семейных ценностей как реализация одного из направлений программы «Рухани жаңғыру»	269
<i>Болгарина Б.К.</i> Актуальные вопросы обеспечения молодежной среды как территория без терроризма согласно программе «Мәңгілік ел»	273
<i>Каппасова Ш.Е., Бурabay А.Қ.</i> Латын әліпбиі – рухани тәуелсіздікке жасалған жарқын кадам!	277
<i>Кусаинов Г.Б.</i> Национальные приоритеты в контексте духовной модернизации	281
<i>Лантух Я.С., Иванова Е.Н.</i> Роль учителя начальных классов по внедрению ценностей идеи «Мәңгілік ел» в учебно-воспитательный процесс.....	285
<i>Печёркина М.В., Крамок З.С., Бексултанов Д.Т., Альшианова Б.Х.</i> Культурно-философская экспликация сверхчеловеческого образа в контексте гуманизма и общественном дискурсе	288
<i>Насрединова А.Е., Ерназарова А.С.</i> Тәуелсіз елдің жас ұрпағын – патриоттыққа тәрбиелеу	292
<i>Назмутдинов Р.А., Ильина Д.В.</i> Ценностная сфера личности как основа для возрождения духа нации	294
<i>Салмагамбетова С.С.</i> Развитие познавательных способностей, обучающихся с особыми образовательными потребностями средствами английского языка	299
<i>Сатыбалдина Р.А.</i> Национальная идеология независимого Казахстана «Мәңгілік ел»	303
<i>Исмаилов С.С., Бисембаева А.К.</i> Основные направления развития науки в соответствии с программными статьями Президента Казахстана Н.А. Назарбаева	307
<i>Телебаев Г.Т.</i> Ценности идеи «Мәңгілік ел» в образовательном процессе.....	310
<i>Шаукенов Ж.А.</i> Ұлтаралық келісім доктринасы және «Мәңгілік ел» идеясы	316
<i>Шумейко Т.С.</i> Духовно-нравственные аспекты технологического образования	321
<i>Абильмаликов К.К.</i> Взаимоотношения Азербайджана и Франции в области энергетических ресурсов.....	326
<i>Каирова Б.К., Касымов Н.А.</i> Рухани жаңғыру өзін-өзі танудан бастау алады	331
<i>Усембаева А.Х.</i> Компетентностный подход в системе послевузовского образования	335